

Г.С. Сағидолда
Г.А. Әбдімәулен*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
*Байланыс үшін автор: abdimaulen.gulmira@yandex.ru

«Әйел» концептісінің ұлттық-мәдени сипаты

Аңдатпа. Ғылым мен қоғамда жиі зерттелетін тақырыптың бірі – әйел мәселесі. Қазақ халқы танымындағы «әйел» концептісіне қатысты атаулар, қазақ әйелдерінің танымы-талғамын, көзқарасын, сезімін, психологиясын, сан иірімді ерекшеліктерін тануға, қазақ мәдениеттеріндегі орнын айқындауға мүмкіндік береді. Тілдік бірліктер, лексико-фразеологиялық және паремнологиялық бірліктер, халық ұғымында қалыптасқан ұғым-түсініктер, қазіргі көркем мәтіндердегі «әйел» концептісін тереңірек зерттеуге көмектеседі. Әйелдің қоғам өміріндегі, ұлттық мәдениеттегі рөлі мен орнын оны сипаттайтын тілдік деректерді лингвомәдени бағытта айқындап, әйел концептісінің лексико-семантикалық, концептуалдық мазмұнын аялық білім деңгейі тұрғысында түсіндіру ең маңызды мәселе болып отыр.

Мақалада тілдің фразеологиялық жүйесінің белгілі бір лингвомәдени қауымдастыққа тән менталитетті жаңғыртудағы үлес-салмағы сөз болады. Қазақ дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментінде бекіген жалпы әйел туралы ұғым-түсініктердің ұлттық сипаты, халықтың әлеуметтік санасы мен менталитеттеріндегі, ұлттық құндылықтары мен дүниеге деген көзқарастарындағы лингвистикалық-мәдени ерекшеліктері «Әйел» концептісі негізінде сараланады. Зерттеу қазақ тілінде қолданыста жүрген фразеологиялық тіркестердің мағынасын тереңірек ашуға бағытталған. Фразеологиялық тіркестер арқылы әйел затының қазіргі қоғамда алатын орны көрсетіледі.

Кілт сөздер: дүние бейнесі, концепт, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық фрагмент, когнитивтік модель.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-139-2-20-30>

Кіріспе

Адамның әлем туралы түсініктері оның санасындағы әлем бейнесінде көрініс табады және оларды қайта ойластыру үшін тіл маңызды рөл атқарады. Ғалым С.Г.Тер-Минасова тілді әр тілдің өзіндік ерекшелігіне қарай, сонымен қатар, сол тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланатын халық, этникалық топ пен сөйлеу ұжымы үшін қоршаған әлемнің «айнасы» ретінде анықтайды. Ол шындықты бейнелей отырып әлемнің өзіндік ерекше бейнесін жасайды [1.19]. Алайда, тіл шын-

дықты тікелей емес, екі иірім арқылы яғни нақты әлемнен ойлауға және ойлаудан тілге дейінгі аралықта суреттейді. Сондықтан, ғалым С.Г.Тер-Минасова айнасы бар метафора дәлдік емес, өйткені айна қисық болып шығуы әбден мүмкін, оның қисаюы сол тілде сөйлейтін ұжымның мәдениетімен, менталитетімен, әлемге деген көзқарасымен және дүние танымымен байланысты [1.46,79] екенін баса айтанды.

Ғалым «Әлемнің тілдік бейнесі шындықты әлемнің мәдени бейнесі арқылы көрсетеді. Тіл - мәдениеттің бір бөлігі, мәдениет те тілдің бір

бөлігі. Әлемнің мәдени (түсінік, концептуальды) және тілдік бейнесінің өзара қатынасы өте күрделі және көпжоспарлы болып табылады. Оның негізі тіл мен мәдениеттегі шынайылықтың күрт өзгеруінен туындайды» [1.54], – деп қорытады. Сонымен, «әлемнің мәдени және тілдік бейнесі бір-бірімен тығыз байланысты. Олар үздіксіз өзара әрекеттесу жағдайында және әлемнің нақты бейнесін құрайды, дәлірек айтқанда, адамды нақты өмірге, қоршаған ортаға жақындатады» [1.55], – деген пікір білдіреді.

Әлемнің концептуалдық және тілдік бейнесі өзара үздіксіз әрекеттесуі арқылы тіл мен сананың бір-бірімен тығыз байланысты екенін білдіреді. Әлемнің тілдік бейнесінің негізгі бірлігі – сөз және оның мағынасы болатын болса, ал тұжырымдамалық бейненің басты бірлігі–мәтіндік деңгейдегі мағыналық тұжырымдама. Бұл мәселе жөнінде ғалым Ю.С.Степановтың тұжырымдамаға берген анықтамасында «Тұжырымдама – бұл адам санасындағы мәдениеттің ұйытқысы, яғни мәдениет адамның психикалық әлеміне енуі болса, екінші жағынан, тұжырымдама – бұл өзі мәдениетке ене алатын, ал кей жағдайларда оған әсер етуші қарапайым жай ғана адам», – дейді. Осы анақтамаға сәйкес концепт концептуалдық және мәдени бірлікті қамтитыны белгілі бола түспек [2.43].

Кез келген халықтың мәдени жадысы тілдің фразеологиялық құрылымында барынша анық көрінеді. Ғалым В.Н.Телия «Тілдің фразеологиялық құрылымы ұлттың мәдени-ұлттық сана сезімін жан-жақты таратады және оны бір-бірімен сәйкестендіруде ерекше рөл атқарады. Бұл фразеологиялық құрам бірліктердің бейнелі мазмұнында мәдени-ұлттық дүниетаным көрініс танумен байланысты» [3.214-215], – деп қорытады өз ойын.

Ғалым В.А.Маслованың пікірінше, «фразеологиялық бірліктер – өз семантикасында ұлт мәдениетін дамытудың ұзақ процесін көрсете отырып, мәдени көзқарастар мен стереотиптерді, эталондар мен архетиптерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал. Бұл ұлттың рухы мен өзіндік ерекшелігін қайталанбас түрде көрсететін кез келген ұлт тілінің жаны.

Фразеология дегеніміз – бұл әлем бейнесінің лингвистикалық фрагменті. Фразеологиялық бірліктер әрқашан тақырыпқа тәуелді бола отырып, олар тек әлемді ғана суреттеп қоймайды, сонымен қатар, оны түсініп, бағалап және әлемге деген субъективті қатынасты білу үшін маңызды» [4.82], – деп тұжырымдады.

Осыған байланысты ғалым В.Н.Телия өз пікірін «тілде мәдени-ұлттық эталондармен, стереотиптермен, мифологемалармен байланысты бейнелі өрнектер бекітіліп, фразеологиязацияланады деп болжады. Олар сөйлеу кезінде белгілі бір лингомәдени қауымдастыққа тән менталитетті жаңғыртады» [3.233], – деп қорытады.

Табиғатынан зерттелуі таусылмайтын, қыр-сыры өте мол, мәңгілік тақырыптардың бірі – «Әйел» мәселесі. Ол қоғамдық ғылымдардың ішінде, әдебиеттер мен көркем шығармаларда, тіл білімі мен тарихта ғасырлар бойы зерттеліп келеді.

Материалдар және зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде зерттеудің түрлі әдістері пайдаланылды. Қазақ ауыз әдебиет мұралары, фразеологиялық, диалектологиялық, паремиологиялық түсіндірме сөздіктерден деректер алынды. Сипаттама, семасиологиялық, этнолингвистикалық, концептілік талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу нәтижесі

«Әйел» концептісін ғаламның көркемдік және тілдік бейнесі аясында лингвокогнитивті деңгейдің бірлігі ретінде қарастырып, оның мәнін ұлттық танымға сәйкес келетін сөздер, көркем мәтіндер, фразеологизмдер, тіркестер мен мақал-мәтелдерден айқындап, этномазмұндық мәнін ашу арқылы қазақ халқына тән дүниенің тілдік бейнесін көрсету. Қазіргі ұрпақ санасындағы «әйел» туралы қалыптасқан ұғым-түсініктер мен ұлттық стереотиптерді анықтап, оларды ескі көзқарастармен салыстыру.

Әйелдің қоғамдағы рөлі, оның мінез-құлқы және қоғамның әйелге деген қатынасы барлық

уақытта қызығушылық тудыратын маңызды аспектілердің бірі. Кез келген мәдениеттің негізгі концептілерінің бірі – «әйел» концептісі. Ол әйелдің қоғамда атқаратын рөлдері негізінде қалыптасқан әлеуметтік ерекшелігі мен қасиеттердің тасымалдаушысы ретінде әйел туралы стереотиптік түсініктердің кескінін білдіреді. Әйел бейнесін, дәлірек айтсақ, әйел затының және оның әлеуметтік мәртебесінің ерекшеліктерін, сондай-ақ, қоғамның оған деген пікірлерін фразеологизмдерден байқауға болады.

«Әйел» бейнесі әрқашанда ізгілік пен пәктіктің, адалдық пен ақымақтықтың, айлакерлік пен алдау-арбаудың, жақысылық пен зұлымдықтың, сонымен қатар, сұлулықтың символы болу сияқты белгілерді бір концепт аясына тоғыстыратынымен ерекшеленеді. Әйел – әлем жаратылысындағы тіршіліктің алғашқы бастауы, өмір әкелуші, ұрпақ жалғастырушы, дәстүрлі құндылықтарды өндіреді, соған орай әйел – ана, әйел – әдемілік, әйел – нәзіктік, әйел – сұлулық, әйел – сезімталдық, әйел – сыпайылық, әйел – әдеп, әйел – үйлесім, әйел – жарасым т.б деп танымыз.

«Әйел» концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына қарай оның концептосферасы әрқилы болып келуі әбден мүмкін [5.64-67] деген пікірлер осы мақаланы жазуға және «Әйел» болмысын аша тусуге, олардың табиғи мінез құлқы мен өмірдегі орындары туралы көптеген ақпарат жинауға мұрындық болды.

Талқылау

Кез келген халықтың тілінде әйел затына байланыста көптеген мақал-мәтелдер кездеседі. Әйел атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы және әлеуметтік қоғамдағы орны, туыстық байланыстарына қарай әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы қазақ тілінде «Әйел» концептісінің туыстық қатынастарына қарай қыз, келін, ана, жеңге, абысын, ене т.б лексемалары қолданылса, қоғамдық әлеуметтік орнына орай бәйбіше, тоқал, жесір т.б лексемалары қолданылады.

Қазақ тілінде әйелдің жасына және қоғамдағы орны мен әлеуметтік рөліне байланысты «Әйел» тезаурсын түзетін қыз, қыз бала, бойжеткен, қарындас, балдыз, құдаша, қалыңдық, әпке, бибі, жар, келін, келіншек, қатын, жеңге, бәйбіше, жесір, абысын, шеше, құдағи, кемпір, әже сөздері паремиологиялық дүние бейнесінде «әйел-қыз», «әйел-қыз баласы», «әйел-бойжеткен», «әйел-қалыңдық», «әйел-қатын», «әйел-ана», «әйел-шеше», «әйел-кемпір» макрофреймдік құрылымда сомдалатын «Әйел» образын кескіндеуге қатысады. Дүниенің тілдік бейнесінде «Әйел» образын сомдауға бұлардан басқа да құрбы, ханым, ұрғашы, кербез, отанасы, еркек құмар, төмен етек деген сияқты сөздер мен сөз тіркестері түріндегі концептуальдық модельдер көптеп жұмылдырылады. Алайда, әйел адамға қатысты концептуальдық модельдердің ең бастылары, айталық, қыз, әйел, қатын, ана, шеше, кемпір лексемалары ғана паремиологиядағы «әйелдік» белгілерді жинақтау қызметінде жұмсалып, «Әйел» концептісінің 1) әйел – ұрпақ, 2) әйел – қыз, 3) әйел – қалыңдық, 4) әйел – ана, 5) әйел – кемпір деген макрофреймдік құрылымдық типтерін түзейді.

«Әйел» концептісінің мазмұндық ішкі жіктеліміндегі «балалықтан-кәрілікке» бағытталған концептуализация процесі қазақ дүние бейнесінің фразеологиялық фрагменттерінде «қыз-келін», «қыз – ана», «қыз – ене» және т.б. фреймдік қатыстылықпен жымдасып келіп, қыз баланың жас ерекшелігі мен қоғамдағы орнына қарай әлеуметтік сатылай өсуінің тұжырымдамасы түрінде бекиді. Мысал ретінде ғалым І. Кеңесбаевтің бірнеше еңбектерінде кездесетін тіркестерді тізбектер болсақ: қызға қырық үйден тыю – қызды жөнсіз ешқайда шығармау туралы айтылады; қыздай алған әйел – қыз кезінде алған жұбайы; қызда қырық есекке жүк болатын айла бар (қыз қылығы қырық есекке жүк) – қыз айлалы, қу қылығы, назы көп деген мағынада; қыздан туған қиықсыз (қыздан туғанда қиық жоқ) – жат емес; қыздың жиған жүгіндей – қыз қолынан шыққан дүниедей сәнді, тәртіпті, жинақы; қыз қашар (көне) – қызды қашыруға себеп болған кісілерге күйеудің беретін сый-

лығы; қыз қуу – той-думандарда жүйрік атқа мінген қызды жігітке қудыру ойыны [6.485-486]. Ғалымның келесі бір еңбегінде: «қыз айттырды (көне) – қызға құда түсті, атастырды, қызды алмақ болып уәде байласты; қыз алары – жеке, арнаулы сыбаға; қыз емшектенді – бұл жерде сүйкімді, көрікті деген мағынада айтылып тұр; қыз мінезді – мінезі жайлы, сызылып тұратын жас бала; қыз ойнақ – жастардың әр түрлі ойын-сауығы, көңіл көтеруі; қыз ояту (ескі салт) – түнде қыздың қойнына бару; қыз танысу – қыздың ұзатыларда туғантуысқандарына қыдырып, төркіндетуі; қыз теке – үнемі қыздармен қосылып ойнайтын ер балаға, ерекше киінетін қыз балаға қойылатын ат, теңеу ат; қыз ұзатты – қызды күйеуге берді, қызды барар жеріне шығарып салды» [7.368-370] деп «қыз» сөзін фразеологиялық тіркестермен түсіндірген. Сонымен қатар, «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» берілген тіркестер «Әйел» бейнесін тереңірек аша түсері анық. Олар: келінің бетін кім ашса сол ыстық көрінеді; [8.578]; келінім саған айтамыз, қызым сен тыңда; ана көрген (үлгілі, өнегелі қыз бала туралы айтылады); ананың ақ сүті (адамгершілік ар ұят); ана сүтін көкке сауды, ананың ақ сүті ұрсын (қарғыс); ананың көрі жанғыр (қарғыс); ана сүтінің табы аузынан кеппеген, бесік табы арқасынан кетпеген; ернінен енесінің емшек сүті кетпеген; ана сүтін ақтады; ана сүтін емісті; анасынан қайта туғандай немесе ене екі туды; ана тілі [6.52] жеңелік сұрады [6.256]; ағама жеңгем сай, апама жездем сай [6.14]; тоқал ешкідей қылды; тоқал үй [6.680-681]; жесір дауы, жер дауы, жесір қалды [7. 202]. Осы тәрізді тұрақты тіркестер тілдік бірліктер ғана емес, олар қазақы дүние бейнесінде бекіген қыздың «келін, ана, ене» болуына қатысты тұжырымдамалық деңгейдегі түйінді ойлар болып табылады.

Халқымыздың терең тарихында, мәдениетінде, салт-дәстүрінде «Әйел» затын ең алдымен «Ана» деген құрметке теңеген. «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» деген қағидаларға сүйене отырып, халқымыздың аналарға деген құрметінің шексіз екендігін байқауға болады. Адам баласының бойындағы асыл қасиеттердің барлығы ананың ақ

сүті арқылы беріліп, тіршіліктің бастау көзі ананың құшағынан басталады. Барлық ана өз сәбиін қорғаштап, қарлығаштай қанатымен су сеуіп, өн бойындағы бар махаббатын беріп өсіреді. Идеал әйел бейнесін әйел – ана, әйел – отбасы береді. Ана болу – кез келген әйелдің өмірлік мақсаты мен міндеті. Табиғатынан, әйелге баланы дүниеге әкелу, оларды бағып қағу, тамақтандыру, өсіріп жетілдіру жүктелгендіктен, барлық аналар қауымы осы міндеттерді толықтай орындауға мойынсұнған. Осы аталған қасиеттер қыз баланың бойына өмірге шыр етіп келгеннен берілген. Оның дәлелі ретінде қыздардың сәби күнінен қуыршақты бөпесі етіп бағып, оны тамақтандырып, оған деген қамқорлығын аямай беретіндігінен байқауға болады.

Ең сұлу әйел – екі қабат әйел. Осы қағида қазақ тілінде сан түрлі ұғым мен мағына береді. Оған ғалым Г.Смағұлованың еңбегінде берілген тіркестер «айы-күні жақын(дау) болу; айы-күніне жетіп отыру; аузы-мұрнынан шығып отыру; аяғы ауыр; бойына бала біту; құрсақ көтеру; жас босану; қол-аяғын бауырына алу; тікенінен ажырау; тікенегі сыртқа шығу» [9.95] дәлел болады деп қорытындылайды. Ал, ғалым І.Кенесбаевтің фразеологиялық сөздігінде екіқабат әйелді «**Аяғы ауыр (ауырлады), қатыны (әйелі) күмәнді** – екіқабат, жүкті болды» [6.95], – деп түсіндіреді.

Қазақ тілінде ананың абзал қасиеттері «Әйел – ана» когнитивті моделі аясында былайша суреттеледі: ана болған дана болады; ананың алақаны – балаға айдынды қоныс; мылқаудың тілін анасы біледі; ананың сүйген жері отқа күймейді, оқ та тимейді; ана жақсылығын ауырсаң білесің; ақ жаулығы ананың - ақ көрпесі баланың; ананың басқан жерінде пейіш бар; ана баласын арыстанның аузынан алады; анасыз үй – панасыз; алты жеңге бірігіп ана болмас; ағайын - алтау, ана - біреу; ана сүтін ақтамағанды, ешкім мақтамайды; анаң ауыр сөз айтпа, атыңа ауыр жүк артпа [5.64-67]. Паремнологиялық дүние бейнесінде «Әйел–Ана» макрофреймдік құрылымы тілдік моделдерді құрастыруда «ана» деген тектік ұғымға сүйенеді.

Әйел – сұлулық символы. Ол өте ауқымды орын алатын мәселенің бірі. Бірақ сол сұлу-

лықты қалай түсінеміз? Әйел несімен сұлу, несімен көрікті, несімен тартымды? Біреулер көркем мінезді әйелдерді сұлу десе, енді біреулері сымбатты мүсін болмысына баға беріп жатады. Дей тұрғанмен, «Сұлулық» барлық әйел затына ортақ категория болғанымен, оның эталонын әр халық әр түрлі түсінеді. Академик Ә.Қайдар «Сұлу» сөзін «кескін-келбеті көрікті, ажарлы, шырайлы, өңді» деп ашқан. Ал, «Қаса сұлу» сөзін асқан сұлу, сұлулығында мін жоқ» [10. 204] деп түсіндірді. Ғалым Т.Жанұзақовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі еңбегінде «Сұлу» сөзі 1. кескін – келбеті көрікті, ажарлы, өңді. 2. Сәнді, әсем» [11.746] деп түсіндіреді. Сонымен қатар, қазақ тілінің синонимдер сөздігінде «Сұлу» сөзі – сұлу, әдемі, әсем, көркем, ару, әрлі, бәденді, ажарлы, шырайлы, келбетті, кескінді, көрікті, сиықты, келімді, зипа, айдай, ренді, өңді, қияпатты (көне сөз)» [12.507] деп өріледі.

Қазақ дәстүрінде әйелге ең алдымен дүниеге ұрпақ әкелуші болашақ ана ретінде қарайтын болғандықтан, қыздардың бойынан парасатты ана болуға лайықты ғажайып мінез-құлық сұлулығын іздейді, сондай ізгі қасиеттерді дәріптейді. Біздің қазақы түсінігімізде сұлулық ең алдымен мінезден көрінеді. Осы мәселе аясында күні бүгінге дейін қаншама ақын өлең шығарып, әнші жыршылар көптеген әндерді шырқауда. Дейтұрғанмен, түбіне жеткен ешкім жоқ. Ол бір сарқылмас мұхит сияқты өте терең ұғым.

Көпшілік әйелдер сұлу болу мақсатында әлемнің бар асылын, үлдесі мен бүлдесін оранып, өздерінің нәзік жанды қауым екендігін паш етеді. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, әйел сұлулығы әлемді небір сұмдық соғыстардан құтқарған. Барлық уақытта әйел өзінің сыртқы келбеті мен өзін одан да әдемі етудің барлық мүмкіндіктерін іздейді. Әйелдер өздерінің тартымдылығын күшейту үшін әдемі әшекейлер, киімдер мен қымбат бұйымдар пайдаланады. Қазақ тілінде әйел сұлулығын адамның қолы жетпес биікте тұрған айға, күнге, жұлдызға теңеген. Осы тұста, «Әйел» концептісін жасауға қатысатын «жақсы–жаман» бинарлық жұп өз ішінен әр жұптың сыни тұрғыдағы қадірін дәлдейтін

анықтауыш мәнді концептуальдық ұғымдарды түзеді. Мәселен, қазақ халқында әйелдің сұлулық категориясын мынадай фразеологиялық тіркестер «қарға аунаған түлкідей; балға ашытқан қымыздай; қысыр емген тайдай; ақ бөкеннің құралайындай; оттай ойнақшыған; сұқсырдай сыланған; үлбіреген қырдың қызғалдағына ұқсап; ашыған жұмыртқадай; қамыстың әдемі тұлғасы; ай мен күндей әлемге бірдей; ақ маралдай керілген; шомылып көлге шыққан аққудай; аққудың көгілдіріндей; адам айтқысыз (айтып болмас); адамнан асқан сұлу; ай десе аузы, күн десе көзі бар; алтын асықтай; атқан таңдай; ауызға үріп салғандай; ауызбен айтып жеткізе алмау; жаңа туған айдай секілді; жаяу жатып, атты түсіп қарағандай; келбеті келген; киіктің асығындай; көз сүріну; көргеннің көзі тойғандай; қараса жан (көз) тоймау; қаса сұлу; құланның құлынындай; құлын мүсіні бұзылмаған; қырдың қызыл гүліндей; қырмызыдай ажарлы; оймақ ауыз; он төртінде туған таңдай; сағағынан үзілген; сүмбілдей әдемі; тілмен (ауызбен) айтып жеткізе алмау; үріп ауызға салғандай; хордың қызындай» [9.134-135] арқылы анықталады. Демек, ұлттық мазмұнға, құрметке ие болған әлеуметтік таным жүйесі тілдің ұлттық жүйесінде таңбалық көрініс табады және дүниенің тілдік бейнесін құруға қатысады.

Қоғамда ер адам әрқашанда бастама көтеріп, әйелге қамқорлық жасап, оның бойындағы талантарын ашуға ықпал етуі қажет. Сонау байырғы заманнан «әйелдер» тек «үй шаруасы» үшін ғана жаратылған деген қағида қоғам санасына сіңіп қалғаны рас. Дегенмен, тарих беттеріндегі сан түрлі оқиғалардың куәлік етуінен білетініміздей, әйелдердің құқықтары еркектермен теңесіп, әйелдер қоғамдағы барлық салада өздерінің еркектерден кем түспейтін тұстарын дәлелдеп болды. Қазіргі таңда қоғамның барлық саласында әйелдер еркектермен тең дәрежеде деуге әбден болады. Дей тұрғанмен, кей кездері әйелдердің кәсіби қызметін еркектердің қызметімен салыстырғанда екінші дәрежелі деп санап, мойындамаушылық сыңай танытып жатады.

Кез келген зат немесе нәрсенің екі жақты (жақсылы, жаманды) қасиетінің болуын заң-

дылық деп қарасақ, әйел затының да «сұлулық сиволына» қарсы жағымсыз жағы да бар. Қайсыбір түсінік бойынша әйел – төменгі әлемнің, күнәның, опасыздық пен жамандықтың, ретсіздіктің символы. Қазақ мәдениетінде де әйелге қатысты жағымсыз коннотациядағы ассоциациялар кездеседі. Әйелге байланысты, әсіресе, ауызекі тілде көп қолданылатын шүйкебас, төмен етекте, шөпжелке, ұрғашы сияқты кемсіту мағынасындағы сөздер бар. Әйелді «ақылы шолақ, сөзі көп» деп еркектен кем санайтын түсінік қазаққа да тән екенін мына тіркес «Өсекші он әйелден өтірікші бір шал артық» дәлелдемек.

Әйелдердің жағымсыз қасиеттері фразеологизмдерде айқын көрініп, әйелдердің жоғарыда айтылған керемет образдарын басқаша қырынан көрсетіп жататыны анық.

Табиғатынан ашуланшақ, жанжал шығарғыш, тік мінезді әйелдерді қазақ тілінде «айдап өргізіп, иіріп жусату; айрандай аптап, күбідей күптеу; айтқанына көндіру; айдағанына жүргізу; ашса алақанында, жұмса жұдырығында; бір шыбықпен айдау; екі аяғын бір етікке тығу; мойнына ерттемей міну; тізгінді қолына алу; шырқ иіру; бүйректен сыйрақ шығару» [9.33-34,52] деген тіркестер арқылы бейнелейді. Бұл да қазақтың паремиялогиялық дүние бейнесінде «Әйел» концептісінің фреймдік кескіндімесін жасайды.

Адамдардың жыныстық ерекшелігі олардың қоғамда алатын әлеуметтік статусымен, атқаратын қызметімен тығыз байланысты. Демек, тілде де әйел – еркек семантикалық оппозициясының лингвогендерлік және лингвомәдениеттанымдық негізі тұрғысынан сипатталады. Әйел мен еркектің қоғамдағы бейнесін ашуда тіл маңызды құрал болып табылады.

Әйел мен еркек бірін-бірі үнемі толықтырып отыратын, табиғатынан өздеріне ғана тән ерекше қасиеттерімен жаратылған жандар. Өрқайсының қоғамда өзіндік орны мен атқаратын қызметі бар. Сол міндеттерді дұрыс атқарған кезде ғана қоғамда мінсіз орта пайда болады. Қазақ тілінде осы тақырып аясында айтылған тұжырымдар: жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – төбедегі жұлдыз;

кәдесіз күйеу болса да, жасаусыз қыз болмайды; қыздың көркі – кигені, жігіттің көркі – сүйгені [13.106-107,110].

Жазушы А.Илиннің «Женщина от А до Я. Юмористическая энциклопедия» атты еңбегінде әйелдер туралы көптеген пікірлер берілген. Атап айтсақ, «XVIII ғасырдағы француз классигі Никола Шамфор: «ер адамдар әйелдер туралы қаншалықты жаман ойласа да, кез келген әйел олар туралы одан да жаман ойлайды» деген. Ал, поляк журналисті Ванда Блонсканың айтуынша: «ер адамдар әйелдерді ешқашан түсіне алмайды, бірақ оларды үлкен қызығушылықпен зерттейді» [14.9-10], – деп қорытындылайды.

Әйелге тікелей қатысты келесі бір маңызды мәселенің бірі – неке. Неке – қоғамның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Ол еркек пен әйелді біріктіреді. Қазақ мәдениетінің ежелгі шынайы өмірінде қыздың келісімінсіз, ата-анасының шешімімен, қалың малдың күшімен қыз баланы ұзата берген. Бұндай жағдайда қыз қандай еркекке, елге барарын болжаудан басқа ешнәрсе істей алмаған. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші, заман ағымына орай осы сияқты салттар артта қалды. Дейтұрғанмен, қазақ дүниетанымында әйелдерді еркектерден бір саты төмен санау әліде болса өз күшінде. Осыған орай, жоғарда атап өткен, әйелдерді кемітін «шөпжелке, шүйкебас, салпыетек, төмен етек, нашар бала» сияқты лексемалар әлі күнге дейін қолданыста. Ғалым Г.Смағұлованың еңбегінде кездесетін қыз баланың некелесуіне байланысты қазақ тілінде берілген фразеологизмдер тізбегін былай берген «басы байлаулы (бала күнінен айттырып қойған); біреудің етегінен ұстау; күйеуге шығу (тию); қолдан беру (ұзату); оң жағына қондыру; тұрмыс құру; құтты қонысына қону; қызды қияға қондыру» т.б Ер жігіттерге арналған фразеологизмдер тізбегі былайша өрбиді «аяғын шырмау; әйел (қатын) алу; қолына қондыру; қыз айттыру; қыз алып қашу». Ал, жігітке де, қызға да арналған фразеологизмдер «аяғына тұсау түсу; басын қусыру; бас құрау; бір түндік астында түтін түтету; жар сүю; көңіл қосу; отау тігу; ошақ құру; түтін түтету; үй болу» [9.164-165]. Демек,

қазақтың паремиологиялық дүние бейнесінде Әйел мен Еркек бейнелері ер адам мен әйел затының мінез-құлық, іс-әрекет, қимыл-қозғалысын, қоғамдағы және әлеуметтік орнын жан-жақты қамти отырып, түбегейлі сипаттайтын кіші тармақтарға негізделген.

Әйелдердің орта жасқа келгенге дейін ер адамның назарын өзіне аудара алмай, еленбей жүре беруі әйел бейнесін тартымсыз, мінезін қыңыр, қырсық, жанжал шығарғыш, ашулы және ашушаң, үнемі біреуге немесе бірнәрсеге наразы болмайтын бейнесін қалыптастыратындығы тағы бар. Өз уақытында тұрмысқа шықпаған қыздар еркекшора қалпына айналып кетуі мүмкін. Қыздардың тұрмысқа шықпай қалуы деген қазақ халқының байырғы өмір сүру дәстүрінде болмаған ұғым қазіргі кезде үйреншікті өмір салтына айналды. Қыздардың дер кезінде тұрмысқа шықпай қалудың сан түрлі себептері бар. Карьера қуалап, атақ-абырой, мансап деп жұмыс соңында жүре беретіні алғашқы себеп саналса, екіншіден қоғамда әйелге, қызға деген қамқорлықтың азая бастауы, және де нарықтық қоғамға бейімделген жастар тым есепшіл немесе қыздардың жігіттерге деген талабы өте зор. Міне осы сияқты себептердің салдарынан өкінішке орай қоғамда «кәрі қыз» деген тұлға пайда болды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «**Кәріқыз** – тұрмысқа шықпай, оң жақта көп отырып қалған бойжеткен» [11.371] деп түсіндіреді. Ал, академик Ә.Қайдардың еңбегінде әйел адамның түрлірі және оған қатысты ұғымдар бөлімінде **Кәріқыз** «кәмелеттік жастан асып, тұрмыс құруға уақыты жетсе де, оң жақта отырып қалған қыз». Мысалға «**Кәріқыз бала таппас, бала тапса қоятын жер таппас**» дегеніміз – оң жақта отырып қалып, «кәріқыз» атанған әйелдің кеш шыққан күйеуінен не көңілдес болған жігітінен «олжабай» бала туып алғанда, қалай бағып-асыраудың амалын таппай күйгелектенуі, дегбірсізденуі» [10. 290] деп суреттейді. Сонымен қатар, «**кәріқыз**» сөзі астарында «**жалғыздық**» ұғымы жатыр. Мұның мәні қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **жалғыздық** – жекелік, жалғызбастылық деп ашылады. **Жалғыздық көрді** – жалғызбастылықтан жапа шекті. **Жалғы-**

здан-жалғыз – жанында өзге ешкім жоқ, бір өзі ғана деп түсіндіреді [11. 257]. Ал, синонимдік сөздікте аталған сөз былайша өрбиді: жалғыздық, жалқылық, даралылық. Жалғыз қалғандық, жалқы болушылық. [12.238]. Осы тұста, «**жалғыздық концептісін**» мынадай когнитивтік моделдер арқылы аша түскен. Олар: «**жалғыздық – тыныштық** (оты өшу, құмары тарқау, қызығы тарқау, қаны суу, көңілі суу); **жалғыздық – ішкі азап** (жабығу, құлазу); **жалғыздық – көңіл жайлауы** (қызықпен думанның қалмауы, ән мен сәннің жоғалуы, құрдымға кетуі, құлазу, жалғызсырау); **жалғыздық – батырлық**, ол жағымды, жағымсыз мағына береді (батырлық, азап, қорлық); **жалғыздық – қорлық** (қорлық, жан азабы); **жалғыздық – өкініш, уайым** (қайғы, шексіз уайым, қу далада жылау)». Сонымен қатар, жалғыздық концептісін сипаттайтын тезаурусы «жалғыз қалу, жақынсыз қалу, жанашырсыз қалу, жалғыз жүру, өмірден жиіркену, ай далада жаны қуу, жаны жалғызсырау, жан тынышын іздеу, уайым алу, қу далада жылау» сияқты тіркестердің семантикасы арқылы айқындалып, «әлсіз, панасыз, байғұс» деген сөздерімен қорытылады [15.111]. Сонымен қатар, кәріқыз сөзі мағынасынан алшақтау, бірақ жалғыздық сөзі мағынасына жақын және бұл туралы ғалым Г.Смағұлова еңбегінде «қарақан қу басы; қу тізесін құшақтап; құр қара басы; соқа басы; сопайған соқа басы; отырған қыз орнын табады» [9.108] деген бірнеше фразеологиялық бірліктермен берілген. Қорыта келгенде, «кәріқыз бен жалғыздық» сөздері бір-бірімен төркіндес болып келуі әбден мүмкін.

Күнделікті қоғамда кез келген ұлт өкілдері арасында әйелдің негізгі, ерекше, маңызды және қызықты стериотиптік ерекшелігі – оның сөзшеңдігінде. Әйелдің сөйлеу қабілеттілігі – бұл жалпы қоғамда қабылданған факт. Әйелдер ер адамдардан көп сөйлейді. Күн сайын, орта есеппен алғанда, 20 мың сөз айтады. Бұл ер адамдарға қарағанда 13 мың сөзге артық. Сонымен қатар, әйелдердің тағы бір ерекшелігі – ер адамдарға қарағанда тез сөйлеуінде.

Әйелдердің көп сөйлейтін дағдысы туралы қазақ тілінде мынадай сөз тіркестері «аузы

сөзден босамау; жағы тынбау; көбік ауыз; көк (ала) мылжын; көп сөйлеп, көбігін сапыру; құлағының етін жеу; құлақ сарсыну (жақтырмау); қу таңдай (мысқыл); қызыл өңеш; қызыл тілін қырық орау; малтасын езу; миды жеу (жақтырмау); сөз бермеу; сөзге қонақ бермеу; сөзді жүндей сабау (кекесін); тіл мен жағына сүйену (жақтармау)» ел ішінде қолданысқа ие [9.97]. Аталған сөз тіркестері арқылы «әйел» концептісінің әлеуметтік ортадағы рөліне байланысты дүниенің паремиологиялық бейнесінде «жақсы-жаман» микрофреймдік сипаттамаға негізделеді. Яғни, қазақтың паремиологиялық дүние бейнесінің «Әйел» микрофреймдік құрылымы астарындағы әйелге қытысты таным-түсініктердің көпқырлылығы қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесінің басты компоненттері қатарын көтереді.

Әйелдің сөзшеңдігінің бір ұшы өсек-сөз, өсек айтуға апарды. Академик Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» еңбегінде оларды былайша ашады. «**Өсекқұмар** – біреуді сыртынан даттап, алып-қашты қауесет сөздерді сан саққа жүгіртіп, судай сапыра айтуға жаны құштар ғайбатшыл адам. Ал **өсекшіл** дегеніміз – ертелікеш ерні-ерніне тимей біреу туралы ғайбат айтуды кәсіпке айналдырып алған қыл ауыз адам» [10.129]. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде «Өсек» сөзі – өсек, өсек-аяң, пыш-пыш, сыбыс, сыпсың, қауесет, дақпырт, ғайбат. Ұшқары ойдан құралған алып қашты сөз, әңгіме [12.454] деп қорытыңдалады. Ал, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: **Өсек** – Біреуді сыртынан даттап, кінәлап айтқан жалған сөз. **Өсек бақты (қуды, аңдыды)** – жұртты шағыстыруды күйттеді. **Өсекбасты болды** – қаңқу сөзге, жаманатқа ілікті. **Өсек гүледі (гүілдеді, лаулады)** – өсек үсті-үстіне айтылды, жайылды. **Өсек ерді** – артынан сөз ерді, өсекке ілінді. **Өсек жүргізді** – дос-жараның арасына от жақты, жауықтырды. **Өсекке ерді** – жалған сөзге сенді, алданды. **Өсекке қалды** – сөзге қалды, жамандалды. **Өсекке шалынды (шырмалды, ілінді)** – сөзге қалды, сөзге ұрынды. **Өсек тасыды (терді)** – біреуді біреуге шағыстырды, даттады. **Өсекті жүндей сабады** – жалған сөзді үсті-үстіне айтты, бұрқыратты [11.659-660] деп түсіндірілді. Осы

тұста, кез келген қазақ сөзі мағынасының кең дария, сарқылмас терең екендігіне қайран қалатынымыз сөзсіз. Әйелдің сөзшеңдігі жөнінде айтылған фразеологиялық тіркестердің өте көп екендігін мына тіркестер дәлелдемек: «ағаш аттың басына (мінгізу) шығару; алып қашпа әңгіме; артына сөз ілестіру; артына шала байлау; жаяу өсек; күңкіл қылу; қаңқу сөз; қатын өсек; қауесет хабар; құйрығана шала байлау; өсек аяңға үйір болу; өсек басты болу; өсек жайылу (тулеу); өсек тасу (теру); өсекке шалыну; өсектің аяғы ұзын; өсекті қарша борату; сөз ерту; сөз келтіру; сөз қыдырту; суық сөз (жаман хабар); сыпсың сөз» [9.99-100] деп жалғаса береді. Демек, «әйел» концептісін қалыптастыратын фразеологиялық тіркестерден әйел бейнесінің ұлттық табиғаты жан-жақты ашылады. Сонымен қатар, олар «әйел» образын жасауда, ұлттың ұлттық ерекшелігін айқындағанда, қазақ халқына тән таным-түсінігін әртүрлі қырынан көрсетуде мол ақпарат береді.

Қорытынды

Қазақ халқының әйелге байланысты ұғым және таным түйсіктерін қамтитын «әйел» концептісінің диапазоны өте кең. Сонымен, қазақтың паремиологиялық дүние бейнесінің «әйел» микрофреймдік құрылымы астарында әйел затына қатысты ойлардың көпқырлылығы «әйел» концептісін қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесінің басты компоненттері қатарына жатқызады. «Әйел» концептісін қалыптастыратын фразеологиялық бірліктер әйел бейнесінің ұлттық табиғатын жан-жақты ашады. Мақалада қолданылған фразеологиялық тіркестер «әйел» образын жасауда, ұлттың ұлттық және мәдени ерекше сипатын тіл арқылы айқындады. Фразеологиялық тіркестер «әйел» концептісінің қазақ халқына тән таным-түсінігін, тілдік сипатын әртүрлі қырынан көрсетуде мол ақпарат берді. Қазақ паремиологиялық дүние бейнесінде әйел жаратылысынан әртүрлі психологиялық аспектісіне байланысты жағымды және жағымсыз немесе «жақсы әйел» және «жаман әйел» категорияларына бөлінді. Әрбір категория өмірлік нақты жағдаятта қолда-

нылатын фразеологиялық тіркестермен түйінделіп отырды.

Қорыта айтқанда, әйел заты сөз болған жерде міндетті түрде ер адам мәселесі де айтылады. Олар өзара тұтастықтың белгісі болып табылады. Кез келген қоғамда әрбір жеке индивидке тән әйелдік және еркектікті анықтап тұратын гендерлік рөлдер мен ерекшеліктер бар. Әйелдер мен еркектердің жаратылысын гендерлік талдаудың негізі деуге болады. Гендерлік ерекшеліктер әйелдер мен еркектердің

мінез-құлық, іс-әрекет, қимыл-қозғалысын, қоғамдағы әлеуметтік орны туралы белгілі бір түсінікті қалыптастырады. Ал, сол түсініктер шеңберінде нақты әйелдерге немесе еркектерге қатысты нормалар түзіледі. Нормалар қоғамдағы әйел мен еркекке тән қасиеттерді, яғни, гендерлік стереотиптерді жасайды. Дейтұрғанмен, гендерлік стереотиптер әйелдер мен еркектердің ұлтына, мәдениеті мен салт-дәстүріне, ұлттың ұлттық ұстанымдарына қарай түрленіп отырады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
2. Степанов Ю.С. Костанты: Словарь русской культуры. – Москва: Академический Проект, 2004. – 992 с.
3. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
4. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва: Академия, 2010. – 208 с.
5. Нұрсұлтанқызы Ж, Жумабекова А. Қазақ паремиологиясындағы “Қазақ әйелі” концептісінің ұлттық-мәдени ерекшелігі // – Молодой ученый. Ежемесячный журнал. - 2015. – № 6.2 (86.2) С. 64-67.
6. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 800 б.
7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым баспасы, 1977. – 712 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том / Б.Момынова, Б.Сүйерқұлова, А.Фазылжанова. Алматы: Ж-К, 2011. – 752 б.
9. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизм сөздігі. – Алматы: Елтаным баспасы, 2010. – 252 б.
10. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. Т. 1. – 784 б.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
12. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі / С.Бизақов, Ә.Болғанбаев, Ш.Дәулетқұлов. – Алматы: Арыс баспасы, 2005. – 720 б.
13. Кейкін Ж. Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы. – Алматы: Аруна баспасы, 2015. – 632 б.
14. Илин А. Женщина от А до Я. Юмористическая энциклопедия. – Москва: Эксмо, 2004. – 720 с., ил.
15. Әділбекова Л. І. Жансүгіров прозасының идеялық көркемдік ерекшеліктері. Филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 1997. – 265 б.

Г.С. Сагидолда, Г.А. Абдимаулен

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Национально-культурный характер концепта «женщина»

Аннотация. Образ женщины – тема, которая всегда будет изучаться в науке и обществе. Имена, относящиеся к понятию «женщина» в познании казахского народа, позволяют распознать вкусы, взгляды, чувства, психологию, различные характеристики казахских женщин, а также определить их место в казахской культуре. Лингвистические единицы, лексико-фразеологические и паремиологические единицы, концепты, сформированные в представлении о народе, помогают глубже изучить понятие «жен-

щина» в современных художественных текстах. Определение роли и места женщины в жизни общества, национальной культуре и языковых данных, характеризующих женщину, в лингвокультурологическом направлении является одной из основных задач. Кроме того, важнейшей проблемой является широкое изучение лексико-семантического, концептуального содержания женского концепта в области языкознания.

Национальный характер, лингвокультурные особенности понятия о женщине в целом, закрепленные во фразеологическом фрагменте образа казахского мира, в социальном сознании и менталитете народа, в национальных ценностях и взглядах на мир сопоставляются на основе концепта «женщина». Исследование направлено на более глубокое раскрытие значения фразеологических выражений, употребляемых в казахском языке. С помощью фразеологических выражений показано положение женщин в обществе.

Ключевые слова: образ мира, концепт, фразеологическая единица, фразеологический фрагмент, когнитивная модель.

G.S. Sagidolda, G.A. Abdimaulen

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The national and cultural character of the concept «Woman»

Abstract. One of the topics that will forever be studied in science and society is the issue of women. Names related to the concept of «woman» in the knowledge of the Kazakh people, language units, lexico-phraseological, paremiological units, concepts formed in the concept of the people, data confirming the concept of «woman» in modern artistic texts, which allow us to recognize the taste, attitude, feelings, psychology, diverse features of Kazakh women, determine their place in Kazakh culture. The most important issue is the definition of the role and place of woman in the life of society, in national culture, in the linguistic and cultural direction of the language data that characterize her, and the interpretation of the lexical-semantic, conceptual content of the concept of woman in the context of the level of background knowledge.

The article considers the contribution of the phraseological system of the language to the modernization of the mentality inherent in a particular linguistic and cultural community. The concept of «woman» is based on the national character of the concept of woman as a whole, the linguistic and cultural features of the social consciousness and mentality of the two peoples, national values and views on the world, which are embodied in the phraseological fragment of the Kazakh world image. The research is aimed at a deeper understanding of the meaning of phraseological phrases used in the Kazakh language. Phraseological phrases indicate the place occupied by the female subject in modern society.

Keywords: worldview, concept, phraseological unit, phraseological fragment, cognitive model.

References

1. Ter-Minasova S.G. Til zhane madenietaralik kommunikasiya [Language and intercultural communication] (Almaty, Ulttik audatma burosi, 2018) [in Kazakh]
2. Stepanov Yu.S. Kostanti: Slovar ruskoi kulturi [Kostants: Dictionary of Russian culture] (Moskva: Academic Project, 2004) [in Russian]
3. Telia V.N. Russkaiya fraseologiya [Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguocultural aspects] (Moskva: Languages of Russian culture, 1996) [in Russian]
4. Maslova V.A. Linguokulturologiya [Linguoculturology] (Moskva: Academy, 2010) [in Russian]
5. Nursyltangyzy Zh, Zhumabekova A. Kazak paremiologiasindagi “Kazak aieli” konseptisinin ulttik-madeni ereksheligi [National and cultural specifics of the concept of “Kazakh wife” in Kazakh paremiology] (Young Scientist. Monthly magazine - No. 6.2 (86.2) / 2015. - 64-67 p.) [in Kazakh]
6. Kenesbayev I. Fraseologialik sozdik [Phraseological dictionary of the Kazakh language] (Almaty, Gylim, 1977) [in Kazakh]
7. Kenesbayev I. Kazak tilinin fraseologialik sozdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language] (Almaty, Gylim, 1977) [in Kazakh]

8. Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language] (Almaty, 2011) [in Kazakh]
9. Smagulova G. Maginalas frazeologizm sozdigi [Dictionary of semantic phraseology] (Almaty, Eltanym, 2010) [in Kazakh]
10. Kaidar A. Kazaktar ana tili aleminde [Kazakhs in the world of the native language] (ethnolinguistic dictionary) Man (Almaty: Dyke Press, 2009) [in Kazakh]
11. Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language] (Almaty, Dyke Press, 2008) [in Kazakh]
12. Kazak tilinin sinonimdik sozdigi [Dictionary of synonyms of the Kazakh language] (Almaty, Arys, 2005) [in Kazakh]
13. Keikin Sh. Kazak makal-matelderinin Altyn kitabы [The Golden Book of Kazakh proverbs] (Almaty, Aruna, 2015) [in Kazakh]
14. Ilin A. Shensina ot A do Ya [Woman from A to J. Humorous encyclopedia] (Moskva: Exmo, 2004) [in Russian]
15. Adilbekova L. I.Zhansugirov prozasinin idealdik korkemdik erekshelekteri [Ideal artistic features of I. Zhansugurov's prose] Dissertation for the degree of Candidate of philological Sciences. - Almaty, 1997. - 265 p. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет

Сағидолда Гүлгайша Сағидолдақызы – ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Әбдімәулен Гүлмира Әбдімәуленқызы – докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Sagidolda Gulgaisha Sagidoldakyzy – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Abdimaulen Gulmira Abdimaulykyzy – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.